

**«Абай атындағы №4 мектеп-лицейі» КММ
Қамқоршылық кеңес отырысының
№4 хаттamasы**

Мерзімі: 14.05.2022

Катысқандар: 169 ата-ана

Мектеп директоры Г.Жаппасова

Мектеп директорының ТІЖО А.Абдуалиева

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.Велиев

**Кеңес мүшелері А.Мубаракова, Л.Мынбаева, А.Абаева, Р.Дубиралиева,
Ж.Аяшева, Пешков А.Г**

Күн тәртібі:

1. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы.
2. Қамқоршылық кеңесінің бір жылдық жұмысының есебі.

Барысы

Бірінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөнінде орынбасары Акерке Жаркенова баяндады. Өз баяндамасында Акерке Айтұғанқызы жаз мезгілінде мектеп жаңында «Балдәурен» оқу сауықтыру алаңы жұмыс жасайтыны жайында, бұл лагерьге әлеуметтіккөмек алуға құқығы бар отбасылардың балалары, жан басына шыққандағы орташа табысы күнкөріс деңгейінен төмен болатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардың балалры, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тұратын, мектептік, қалалық тіркеуде тұрған оқушылар, тәуекел топтағы оқушылар қатылатыны жайында айтты. Сонымен қатар, ата-аналарды жалпы қабылданатын құжаттар тізімімен таныстыруды. «Балдаурен» сауықтыру алаңына 78 оқушы оның ішінде аз қамтылған көп балалы -3 (АСП алатын), аз қамтылған (АСП алмайтын)-8, көп балалы -36, мектепішілік есепте тұратын -5, тәуекел топтағы -2, ИМБТ -6, Д учет -14, мүгедек -2, ОПО – 2 оқушы қамтылып отырғанын айтты. Соңдай –ақ қала сыртындағы сауықтыру алаңына 9 бала қамтылып отыр, бұл сауықтыру алаңында 1 балаға бюджеттен бөлінген жолдама құны 65000 теңгені құрайды.

Екінші сұрақ бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.И.Велиев оқу жылы барысында атқарылған жұмыстар бойынша ата-аналарға есеп берді. Жыл барысында бірнеше балаға көмек көрсетілгенімен мектепте аз қамтылған отбасы балаларының көптігіне байланысты осы оқу жылында кәсіпкерлерді көптеп тартуға ұсыныс білдірді. Оқу жылы барысында мектепішілік байқауларға үнемі демеушілік жасаған Қамқоршылық кеңес мүшелері Мынбаева Л.А, Абаева А. және Д.Д Шумаеваға алғыс білдірді.

Шешімі:

1. Айтылған ақпарат ата-аналар комитеті төрағаларының назарына жеткізсін және осы санаттағы балаларды педагогикалық кеңесте бекітсін.
2. Оқушылардың жазғы демалысын тиісті деңгейде ұйымдастру.
3. Қамқоршылық кеңесінің бір жылдық жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.